



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
« 09 » 01 2024 ж.






МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 036

Атырау 2024 ж.

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ATYRAU UNIVERSITY | Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК | Басылым: екінші |
| | Медициналық пункт туралы Ереже | 2 - бет, 8 беттен тұрады |

| | Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы | Күні |
|-------------------|--|------------------|---|------------|
| Жасақтаған | Жастар саясаты департаменті директоры | Г. Саясат |  | 18.01.2024 |
| Келісілді | Академиялық мәселелер жөніндегі проректор | К.М.Утепкалиева |  | 18.01.2024 |
| | Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор | Л.Е. Қойшығұлова |  | 18.01.2024 |
| | Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі | Ж.Т.Кайшыгулова |  | 18.01.2024 |
| | Заңгер | К.С.Куанов |  | 18.01.2024 |

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ATYRAU UNIVERSITY | Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ | Басылым: екінші |
| | Медициналық пункт туралы Ереже | 3 - бет, 8 беттен тұрады |

Мазмұны

| | | |
|----|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 4 |
| 2 | Қысқартулар | 4 |
| 3 | Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 4 | Негізгі міндеті | 4 |
| 5 | Негізгі қызметі | 4 |
| 6 | Ұйымдық құрылымы | 5 |
| 7 | Құқығы | 5 |
| 8 | Жауапкершілігі | 5 |
| 9 | Қорытынды ережелер | 5 |
| 10 | Өзгерістер енгізу тәртібі | 5 |
| | Танысу парағы | 6 |
| | Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы | 7 |

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ATYRAU UNIVERSITY | Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК | Басылым: екінші |
| | Медициналық пункт туралы Ереже | 4 - бет, 8 беттен тұрады |

1 Жалпы ереже

1.1 Медициналық пункт – университет қызметкерлері мен студенттеріне арналған медициналық қызмет және алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін АУ-нің құрылымдық бөлімшесі.

Медициналық пункт жастар саясаты департаментінің құрылымына енеді және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректорға тікелей бағынысты.

1.2 Медициналық пункт университеттің Жарғысы мен ішкі Ережеге сай және басшылық нұсқаулығымен әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың бұйрығымен жүреді.

1.3 Медициналық пунктті тиісінше жоғары білімді дәрігер басқарады.

1.4 Медициналық пункттің жұмыс уақыты АУ-нің қалыптасқан тәртібіне сай белгіленеді.

2 Қысқартулар

Келесі қысқартылған сөздер қолданылады:

АУ-Атырау университеті;

Қалалық СЭС – Санитарлық-эпидемиологиялық станция;

ҰБТ- Ұлттық бірыңғай тестілеу;

ПОҚ-профессор-оқытушылар құрамы;

АМЖП-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ӘМЖКСЖП-Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;

ҚББ– Құрылымдық бөлімнің басшысы;

СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

3.1 Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319-III білім туралы Заңы;

3.2 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (08.01.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

3.3 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидаларын бекіту туралы»

3.4 Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілері;

3.5 АУ жарғысы;

3.6 АУ ішкі құжаттамасы;

4 Негізгі міндеті

4.1 Студенттер мен университет қызметкерлеріне алғашқы көмек, жарақаттанған сәттегі алғашқы көмек, жедел жәрдем, дәрігерлік емханаға жіберуді ұйымдастыру;

4.2 Қажетті төтенше жағдайда науқасты «103» арқылы аурухана жатқызу;

4.3 Кешенді шараларында, тестілеу, ҰБТ және әртүрлі мәдени-көпшілік шараларында кезекшіліктер ұйымдастыру.

5 Негізгі қызметі

5.1 Жиі немесе үнемі ауыратын студенттерді есепке алу;

5.2 Даярлық іс-шараларын жасау, медициналық мерзімді және арнаулы тексерістер өткізу.

5.3 Алдын ала жұқпалы ауруларға тексеріс диагностикасы, тексеру және емдеуге бағыттау;

5.4 Оқу корпусстарын, жатақханалардың бөлмелерін, асханаларды, душ, әжетханалардың санитарлық жағдайларын бақылау

5.5 Жұқпалы аурулар шыққан жағдайда қалалық СЭС уақытылы хабарлап, науқастың ауруханада қамтамасыздандырылғанын қадағалау.

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ATYRAU UNIVERSITY | Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК | Басылым: екінші |
| | Медициналық пункт туралы Ереже | 5 - бет, 8 беттен тұрады |

5.6 Санитарлық – ағартушылық жұмыстарды орындау, санитарлық бюллетендерді тарату, студенттерді аурудың алдын алу мақсатында тексеру(жоспардағы келісім бойынша).

6 Ұйымдық құрылымы

6.1 Қызметкерлер мен ПОҚ тізімдік саны мен АУ құрылымы әрі нормативіне сәйкес Медициналық пункті штатын ректор бекітеді. Медициналық пункті жұмысына әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор жетекшілік етеді.

6.2 Медициналық тармақтың құрамына кіреді: дәрігер, дәрігер-гинеколог, медбике, акушер, фельдшер.

7 Құқығы

7.1. Кез-келген АУ білім алушысынан дәрігердің талаптарын орындалуына;

7.2 Білім алушының денсаулығына байланысты деканнан кез-келген құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

7.3 Білім алушылардың медициналық тексерістен өтуін талап етуге;

7.4 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:

-заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

-құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;

-мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады

8 Жауапкершілігі

8.1 Сапа мен медициналық пункттің міндеттері мен қызметіне сәйкес уақытылы орындалу жұмыстарының барлығына медициналық пункт дәрігері жауапты;

8.2 Басқа қызметкерлердің жауапкершілік дәрежелері лауазымдық нұсқаулары арқылы бекітіледі;

9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді. Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

